Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі 2024 жылғы
23 желтоқсандағы № 479
бұйрығына 12-қосымша Кәсіптік
стандарт жаңа редакцияда – ҚР
Энергетика министрінің 15.10.2025
№ 387-н/қ

Кәсіптік стандарт: «Газ тарату құбырларын пайдалану және жөндеу»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: «Газ тарату құбырларын пайдалану және жөндеу» кәсіптік стандарты (бұдан әрі – кәсіптік стандарт) Қазақстан Республикасының «Кәсіптік біліктіліктер туралы» Заңының 5-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленген. Аталған стандарт тарату газ құбырының сенімді әрі қауіпсіз жұмысын қамтамасыз етуге байланысты негізгі кәсіптерді құрылымдауға арналған. Онда орындалатын жұмыстардың сипаттамалары мен жұмыскерлердің негізгі еңбек функциялары сипатталады, бұл өз кезегінде олардың біліктілік және құзыреттілік деңгейіне, еңбек жағдайлары мен сапасына қойылатын талаптарды айқындауға мүмкіндік береді. Осы кәсіптік стандарт кәсіпорын қызметкерлерін оқытуға арналған білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, сондай-ақ қызметкерлер мен оқу орындары түлектерін сертификаттауға негіз болады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) авариялық-қалпына келтіру жұмыстары – төтенше жағдай (зақымдау) аумағында орындалатын, қирау ошақтарын және жоғары қауіпті ошақтарды оқшауландыру, құбырлардағы апаттар мен зақымдарды жою жөніндегі бірінші кезектегі жұмыстар

2) біліктілік – еңбек нарығы және одан әрі білім алу үшін меңгерілген құзыреттердің құндылығын ресми тану, бұл еңбек қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік береді

3) білім – кәсіптік міндеттер аясында әрекеттерді орындау үшін қажетті зерттелген және меңгерілген ақпарат

4) бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы – жұмысшылардың жұмыстарына тарифтік разрядтар беру және жұмысты тарификациялау үшін арналған анықтамалық

5) газ жабдығы – газ құбырларының құрамдас элементтері (компенсаторлар, конденсат жинағыштар, сақтандырғыш-қашыртқы арматура, құбырлық ілмекті арматура) ретінде пайдаланылатын толық зауыттық дайындықтағы техникалық бұйымдар, сондай-ақ газды пайдаланатын қондырғылар (газ аспаптары, пештері мен плиталары)

6) газ құбыры – жапқыш арматурасы бар бір-бірімен қосылған құбырлардан тұратын және газ тәрізді немесе екі фазалы күйде газды тасымалдауға арналған құрылыс

7) дағды – білім мен іскерлікті қолдану қабілеті, бұл кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік береді

8) еңбек функциясы – бизнес-процеспен анықталатын және оларды орындауға қажетті құзыреттердің болуын болжайтын, салыстырмалы түрде автономды еңбек әрекеттерінің біріктірілген жиынтығы

9) жөндеу – газ құбырдың және (немесе) оның объектілерінің желілік бөлігінің толық немесе ішінара пайдалану ресурсының жарамдылығын немесе жұмысқа қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар (операциялар) кешені

10) кәсіп – жеке тұлға орындайтын және оны жүзеге асыру үшін белгілі бір біліктілікті талап ететін қызмет түрі

11) құзырет – еңбек функциясын құрайтын бір немесе бірнеше кәсіптік міндеттерді орындауға мүмкіндік беретін дағдыларды қолдану қабілеті

12) салалық біліктілік шеңбері – қазақстан республикасы ұлттық кәсіптер жіктеуіші, ұлттық біліктілік шеңбері негізінде әзірленетін және салалардағы жұмыстардың күрделілігі мен пайдаланылатын білімдер, іскерліктер мен құзыреттердің сипатына қарай мамандардың біліктілік талаптарын деңгейлер бойынша жіктейтін құжат

13) техникалық қызмет көрсету – мақсаты бойынша пайдалану, сақтау және тасымалдау кезінде объектінің жұмысқа қабілеттілігін немесе жарамдылығын қолдау бойынша техникалық операциялар мен ұйымдастырушылық іс-қимылдар кешені

14) іскерлік – кәсіби міндеттер аясында жеке әрекеттерді физикалық және (немесе) интеллектуалды орындау қабілеті

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) БТБА – Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы

2) ДТ – диагностикалық тексеру

3) ЖААЖ – жоспарлы-алдын алу жұмыстары

4) ТҚжЖ – Техникалық қызмет көрсету және жөндеу

5) ТжКБ – Техникалық және кәсіптік білім

6) ТҚ – Техникалық қызмет көрсету

7) БА – басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы

8) ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші

9) ЖҚҚ – Жеке қорғаныс құралдары

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Кәсіптік стандарттың атауы: Газ тарату құбырларын пайдалану және жөндеу
5. Кәсіптік стандарттың коды: D35220048
6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:
D Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтау
35 Электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен қамтамасыз ету
35.2 Құбыржолдар бойынша газды тәрізді отын өндіру және тарату
35.22 Құбырлар арқылы газ тәрізді отынды бөлу
35.22.0 Құбырлар арқылы газ тәрізді отынды бөлу
7. Кәсіптік стандарттың қысқаша сипаттамасы: Кәсіптік стандарт Газ тарату құбырларының сенімді әрі қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ететін қызметкерлердің біліміне, білігіне, тәжірибесіне және біліктілігіне қойылатын талаптарды айқындайды. Аталған стандарт осы саладағы еңбек қызметін реттеу, мамандарды сертификаттау және білім беру бағдарламаларын қалыптастыру үшін негіз болып табылады.
8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:
1) Газ жабдықтарын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь - 2 СБШ-нің деңгейі
2) Жерасты газ құбырларын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь - 2 СБШ-нің деңгейі
3) Желілік қараушы - 2 СБШ-нің деңгейі
4) Жерасты газ құбырларын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь - 3 СБШ-нің деңгейі
5) Авариялық-қалпына келтіру жұмыстары слесары - 3 СБШ-нің деңгейі
6) Газ жабдықтарын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь - 3 СБШ-нің деңгейі
7) Газ жабдықтарын жөндеу және оларға қызмет көрсету мастері - 5 СБШ-нің деңгейі
8) Газ объектілері жабдықтарын пайдалану жөніндегі техник - 5 СБШ-нің деңгейі
9) Газ қызметінің (учаскесінің)бастығы - 6 СБШ-нің деңгейі
10) Газ объектілері жабдықтарын пайдалану жөніндегі инженер - 6 СБШ-нің деңгейі
11) Газ шаруашылығының директоры - 7 СБШ-нің деңгейі

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

<table>
<tr><td colspan="5">9. Кәсіптің карточкасы «Газ жабдықтарын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь»:</td></tr>
<tr><td>Топтың коды:</td><td colspan="4">7126-9</td></tr>
<tr><td>Қызмет атауының коды:</td><td colspan="4">7126-9-020</td></tr>
<tr><td>Кәсіптің атауы:</td><td colspan="4">Газ жабдықтарын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь</td></tr>
<tr><td>СБШ бойынша біліктілік деңгейі:</td><td colspan="4">2</td></tr>
<tr><td>СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:</td><td colspan="4"></td></tr>
<tr><td>БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:</td><td colspan="4">63-шығарылым. «Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (63 -шығарылым) бекіту туралы» 2020 жылғы 10 қарашадағы № 441 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 13 қарашада № 21626 болып тіркелді.
§ 2 Газ жабдығын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь, 2 разряд</td></tr>
<tr><td>Кәсіптік білім деңгейі:</td><td>Білім деңгейі:
негізгі орта білім</td><td colspan="2">Мамандық:
-</td><td>Біліктілік:
-</td></tr>
<tr><td>Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:</td><td colspan="4">Қажет емес</td></tr>
<tr><td>Формалды емес және информалы біліммен байланыс:</td><td colspan="4">Қажет емес</td></tr>
<tr><td>Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:</td><td colspan="4">7126-9-017 - Технологиялық және газ жабдықтарын пайдалану және қызмет көрсету жөніндегі слесарь
7126-9-018 - Технологиялық жабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету жөніндегі слесарь</td></tr>
<tr><td>Қызметтің негізгі мақсаты:</td><td colspan="4">Газ тасымалдау жабдығының сенімді және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету</td></tr>
<tr><td colspan="5">Еңбек функциялардың сипаттамасы</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Еңбек функцияларының тізбесі:</td><td>Міндетті еңбек функциялары:</td><td colspan="3">1. Газ жабдығының қарапайым және күрделілігі орташа элементтеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу (ТҚжЖ)</td></tr>
<tr><td>Қосымша еңбек функциялары:</td><td colspan="3"></td></tr>
<tr><td>Еңбек функциясы 1:
Газ жабдығының қарапайым және күрделілігі</td><td colspan="4"></td></tr>
</table>

орташа элементтеріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу (ТҚжЖ)	Дағды 1: Газ жабдығын жұмысқа жарамды күйде ұстау	Машықтар: Барлық разрядтар үшін: 1. Жалпы және мамандандырылған мақсаттағы техникалық құжаттаманы оқу 2. Қол слесарь құрал- саймандарымен жұмыс істеу 3. Машиналар мен аппараттардың, сорғылардың, құбырлардың және құбыр арматурасының қарапайым және күрделілігі орташа тораптары мен механизмдерінде ұсақ ақауларды анықтау және жою 4. Оқшаулау материалдарымен жұмыс істеу 5. Редукциялық клапандарды поршеньді, бұрандалы, тісті сорғыларда баптауды жүргізу 6. Химиялық талдау үшін май сынамасын таңдау 7. Май және ауа сүзгілерінің элементтерін ауыстыруды жүргізу 8. Жабдықтарды тазалауға бу генераторлы қондырғылар және компрессорларды қолдану 9. Металды белгілеу жұмыстары мен кесу бойынша жұмыстарды орындау 10. Өшіретін құрылғыларды бөлшектеу, ауыстыру және майлау 11. Бұрандалы және дәнекерленген қосылыстардың герметикалығын тексеру 12. Сұйытылған газ үшін баллондарының ішкі қуыстарын кейіннен инертті газбен үрлеу жолымен булау 13. Бояу алдында баллондарды тазалау 14. Баллон табандығын түзету және өңдеу 15. Тығыздағыш муфталардағы қылауларды жою 16. Баллондарға вентильдер орнату және баллондарды өлшеу

Білімдер:	
Барлық разрядтар үшін: 1. Материалтану негіздері 2. Машиналар мен аппараттардың, сорғылардың, құбырлардың және құбыр арматурасының қарапайым және орташа күрделіктегі тораптары мен газ жабдықтары механизмдерінің құрылғысы, мақсаты және жұмыс істеу принципі 3. Слесарлық жұмыстардың негізгі тәсілдері 4. Машиналар мен аппараттардың, сорғылардың, құбырлардың және құбыр арматурасының қарапайым және орташа күрделіктегі тораптары мен механизмдерінің өзіндік ақаулықтары 5. Орындалатын жұмыстарға шикізат пен материалдар шығысының нормалары 6. Машиналар мен аппараттардың, сорғылардың, құбырлардың және құбыр арматурасының қарапайым және орташа күрделіктегі тораптары мен механизмдеріне техникалық қызмет көрсетуді орындау кезіндегі операциялардың жүйелілігі мен мазмұны 7. Қызмет көрсетілетін жабдықтың жай-күйін сипаттайтын белгілер (ыстық резерв, резерв, техникалық қызмет көрсету, жөндеу, консервациялау) 8. Химиялық талдау үшін май сынамаларын іріктеу қағидалары мен тәсілдері 9. Жабдықтарды, пайдаланылатын аспаптар мен құрылғыларды пайдалану жөніндегі қағидалар, нұсқаулықтар 10. Баллондар мен олардың шұраларының түрлері мен құрылғылары 11. Баллондарды жөндеу кезінде қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының, механизмдер мен құрылғылардың мақсаты мен пайдалану қағидалары 13. Баллондар мен муфталардағы қылауларды жою тәсілдері 14. Қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қағидалар мен нормалар 15. Өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік талаптары 16. Жеке қорғану құралдарын пайдалану қағидалары 17. Ішкі еңбек тәртібі 18. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету негіздері	
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды

	Дағды 2: Машиналар мен аппараттардың тораптары мен механизмдерін, газ жабдығының агрегаттарын жөндеуге дайындау	Машықтар: 2 Разряд 1. Тораптар мен механизмдерді бөлшектеуге, құрастыруға арналған қарапайым құралдарды пайдалану 2. Күрделі емес конфигурациялы тығыздағыш төсемдерді дайындау 3. Жер астында орналасқан құбырлар мен жабдықтарды шурфтауды жүзеге асыру 4. Жабдықты, құрал-саймандарды, құрал-саймандарды тиісті жағдайда ұстау 5. Дәнекерлеу үшін баллондардың жіктерін дайындау 6. Баллондардағы жіктерді дәнекерлеу және оларға табандық пен дөңесшелерді дәнекерлеу кезінде қатысу 7. Газбен дәнекерлеу үшін қосымды сымды дайындау 8. Газ аспаптарын пайдалану қағидалары бойынша баллондарды ауыстыру және профилактикалық жөндеу және абоненттерге нұсқама жүргізу 9. Таңбаны белгілеу 10. Газгольдер және газ тарату станцияларының редукторларын ауыстыруды, бекіту арматурасына қызмет көрсетуді және ағымдағы жөндеуді жүргізу 11. Газгольдер станциясы мен компрессорлық қондырғылардың жабдықтарын бөлшектеу, монтаждау және жөндеу жұмыстарына қатысу 12. Газгольдерлерді, газ тарату станциялары мен сұйытылған газ топтық қондырғыларының резервуарларын ішкі тексеруге және гидравликалық сынауға дайындау

		Білімдер:	
		2 Разряд 1. Жекелеген аппараттардың, тораптардың және арматураның құрылымы 2. Қызмет көрсетілетін жабдықтың принципті технологиялық схемасы және коммуникация схемасы 3. Жер астында орналасқан құбырлар мен жабдықтарды шурфовкалау кезінде жер жұмыстарын орындау тәртібі 4. Тиеу-түсіру жұмыстарын орындау қағидалары 5. Газ тасымалдау жабдығын, пайдаланылатын құралдар мен құрылғыларды пайдалану жөніндегі қағидалар, нұсқаулықтар 6. Газ жабдықтарын жөндеу түрлері 7. Газбен дәнекерлеу үшін қолданылатын сымның мақсаты 8. Газ құбырларының газгольдер және газ тарату станцияларының технологиялық схемалары 9. Сұйытылған және сығылған газдың газгольдерлік және газ тарату станцияларын пайдалану қағидалары 10. Газгольдер және газ тарату станцияларының коммуникациялары мен жабдықтарын ағымдағы жөндеу жүргізу қағидалары 11. Станцияларда резервуарлар мен өзге де жабдықтарды куәландыру және сынау қағидалары 12. Газ реттеу пункттерінің құрылғысын, жұмыс принципін, жабдықтарын баптауды және ағымдағы жөндеу 13. Қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қағидалар мен нормалар 14. Өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік талаптары 15. Жеке қорғану құралдарын пайдалану қағидалары 16. Ішкі еңбек тәртібі 17. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету негіздері	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды	
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дербестік және жауапкершілік Командада жұмыс істей білу		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	ҚР ҚН 4.03-01-2011 «Газ тарату жүйелері», ҚР ҚНжЕ 4.03-101-2013 «Газ тарату жүйелері», МСҚН 4.03-01-2003 «Газ тарату жүйелері», Кеден одағының техникалық регламенті ТР ТС 032/2013 «Артық қысыммен жұмыс істейтін жабдықтардың қауіпсіздігі туралы»		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	4	Газ объектілері жабдықтарын пайдалану жөніндегі техник	
	3	Газ жабдықтарын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь	
10. Кәсіптің карточкасы «Жерасты газ құбырларын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь»:			
Топтың коды:	7126-9		
Қызмет атауының коды:	7126-9-021		
Кәсіптің атауы:	Жерасты газ құбырларын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	2		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	63-шығарылым. "Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (63 -шығарылым) бекіту туралы" 2020 жылғы 10 қарашадағы № 441 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 13 қарашада № 21626 болып тіркелді. § 14 Жер асты газ құбырларын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесары, 2 разряд		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -

Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Қажет емес	
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Қажет емес	
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жерасты газ құбырлары мен олардағы құрылыстарға техникалық қызмет көрсету және пайдалану	
Еңбек функциялардың сипаттамасы		
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Газ құбырлары мен олардағы құрылыстардың жай-күйін тексеру 2. Жерасты газ құбырлары мен олардағы құрылыстарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу
	Қосымша еңбек функциялары:	
Еңбек функциясы 1: Газ құбырлары мен олардағы құрылыстардың жай-күйін тексеру	Дағды 1: Газ құбырлары мен олардағы құрылыстарды тексеру	Машықтар:
		Барлық разрядтар үшін: 1. Атқарушы түсірілімдерді, газ құбырларын тексеріп шығудың технологиялық сызбалары мен маршруттық карталарын, жерасты газ құбырларының тану белгілері мен байламдарын оқу 2. Газ құбырларының қызмет көрсетілетін учаскесін ресімдеу мен күтіп-ұстауда нормативтік талаптарға сәйкессіздіктерді анықтау 3. Жерасты құбырының жер бетіне шығуы мүмкін жерлердегі жер жамылғысының жай-күйін бағалау 4. Жоғары қысымды құбыр және сақтандырғыш арматураның, крандарды басқару жүйесінің командалық аспаптар клапандарының техникалық жағдайын анықтау 5. Құдықтардың, кран және алау алаңдарының, авариялық қор алаңдарының жай-күйін бағалау 6. Жақын маңдағы ғимараттардың құдықтарында, бақылау құбырларында, жертөлелерінде газды ауа ортасының сынамаларын алу 7. Жеке қорғаныс құралдарын қолдану 8. Газ құбырларын тексеру нәтижелерінің жазбаларын жүргізу
		Білімдер:
		Барлық разрядтар үшін: 1. Газ құбырларын ресімдеуге және күтіп-ұстауға нормативтік құқықтық актілердің, техникалық құжаттаманың және өкімдік құжаттардың талаптары 2. Жоспарлы тексерулердің құрамы, тәртібі және орындалу мерзімділігі 3. Тасымалданатын өнімнің физикалық және химиялық қасиеттері 4. Күзет аймағында және ең аз қашықтық аймағында газдың шығып кетулері, ақаулар, бұзушылықтар, шайылып кетулер, құбырлар трассасында зақымданулар анықталған жағдайдағы іс-қимыл тәртібі 5. Қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қағидалар мен нормалар 6. Өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік талаптары 7. Жеке қорғану құралдарын пайдалану қағидалары 8. Ішкі еңбек тәртібі 9. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету негіздері
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды

	Дағды 2: Жерасты газ құбырлары мен олардағы құрылыстардың жай-күйін бақылау	Машықтар:
		Барлық разрядтар үшін: 1. Газ құбырларындағы газдың шығып кетуін анықтау 2. Құбыржолдары мен құбыр арматурасында орнатылған аспаптардың көрсеткіштерін алу 3. Газ талдағыштарын, ағыс іздегіштерді, трасса іздегіштерді, өзге де аспаптар мен өлшеу құралдарын қолдану 4. Байланыс және сигнал беру құралдарын пайдалану
		Білімдер:
		Барлық разрядтар үшін: 1. Құбыр орнының нормативтік тереңдігі 2. Құбырдағы рұқсат етілген жұмыс қысымы 3. Құбыржолдары мен құбыр арматурасында орнатылған бақылау-өлшеу аспаптарының мақсаты мен сипаттамасы 4. Байланыс және сигнал беру құралдарын пайдалану тәртібі 5. Газ құбырларындағы газдың шығуын анықтау қағидалары 6. Газ талдағыштарды, ағыс іздегіштерді, трасса іздегіштерді, өзге де аспаптарды және өлшеу құралдарын пайдалану құрылғылары мен қағидалары 7. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ережелер мен нормалар 8. Өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік талаптары 9. Жеке қорғану құралдарын пайдалану қағидалары 10. Ішкі еңбек тәртібі 11. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету негіздері
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Жерасты газ құбырлары мен олардағы құрылыстарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу	Дағды 1: Жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде қосалқы және және слесарлық жұмыстарды орындау, оқшаулаудың зақымдалған орындарын қалпына келтіру, кесу және жұмыс істеп тұрған газ құбырларын ауыстыру	Машықтар:
		2 Разряд 1. Жер асты газ құбырлары мен олардағы құрылыстарға қызмет көрсету: коверлер, құдықтар, конденсат жинағыштар, гидротығындар 2. Құдықтарды желдету 3. Ескерту белгілерін орнату 4. Жөндеу, оқшаулардың зақымданған жерлерді, ойып жалғауды қалпына келтіруде қосымша және слесарьлық жұмыстарды орындау және істеп тұрған газ құбырларын қайта қосу
		Білімдер:
		2 Разряд 1. Трассалардың қызмет көрсетілетін учаскелеріндегі газ құбырлары мен басқа да жерасты құрылыстарының жанындағы коммуникациялары 2. Газ құбырларында газдың шығуын анықтау ережесі 3. Ковер орнатуға қойылатын техникалық талаптар 4. Газдалған құдықтарды желдету тәсілдері 5. Газталдағыштардың құрылғысы және пайдалану ережесі 6. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ережелер мен нормалар 7. Өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік талаптары 8. Жеке қорғану құралдарын пайдалану қағидалары 9. Ішкі еңбек тәртібі 10. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету негіздері
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Дербестік және жауапкершілік Зейінділік Кәсіби біліктілік пен дағдыларды өз бетінше дамыту қабілеті Қолданыстағы опциялар жиынтығынан ең жақсы әдістерді таңдау мүмкіндігі		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	«Газ тарату жүйелері» ҚР ҚН 4.03-01-2011, «Газ тарату жүйелері» ҚР ЕЖ 4.03-101-2013, «Газ тарату жүйелері» ХҚН 4.03-01-2003, ТР ТС 032/2013 «Артық қысыммен жұмыс істейтін жабдықтардың қауіпсіздігі туралы»		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	5	Газ жабдығын жөндеу және қызмет көрсету шебері	
	4	Газ объектілері жабдықтарын пайдалану жөніндегі техник	
11. Кәсіптің карточкасы «Желілік қараушы»:			
Топтың коды:	8131-9		
Қызмет атауының коды:	8131-9-163		
Кәсіптің атауы:	Желілік қараушы		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	2		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	34-шығарылым. «Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (34-шығарылым) бекіту туралы» 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 533 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 желтоқсанда № 21909 болып тіркелді. § 7-8 Желілік қараушы (3-4) разрядты		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Қажет емес		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Қажет емес		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	7126-2-002 - Желілік құбыр жүргізуші 7126-2-001 - Құбыр жүргізуші		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Магистральдық құбырлардың желілік бөлігінің техникалық жай-күйін тексеру		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Нормативтік- техникалық құжаттама талаптарына сәйкес мұнай және мұнай өнімдері құбырларының трассасын ұстау 2. Құбыр объектілерін ұстау	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Нормативтік- техникалық құжаттама талаптарына сәйкес мұнай және мұнай өнімдері құбырларының трассасын ұстау			

	Дағды 1: Құбыр трассасын қарау	Машықтар:
		3-разряд: 1. Құбыр трассасының бір тіректі учаскесін көзбен шолып қарауды орындау 2. Топырақ коррозиясынан және кезбе токтардан, су жинағыштардан, құдықтардан, тиек арматурасынан, байланыс желілерінен және ондағы басқа да құрылыстардан электр қорғау құрылғыларынсыз құбырдың бір жіпті учаскесін аралау және қызмет көрсету 3. Бөлінген белдеуде және күзет аймағында газдың, мұнайдың және мұнай өнімдерінің кемуі, зақымданулар, әртүрлі бұзушылықтар анықталған кезде аудандық басқармаларға немесе айдау станциясына жедел хабарлау 4. Желілік аралап қараушының журналына және құбырларды коррозиядан электр қорғау журналына жазба жүргізу 4-разряд: 3-разряд машықтарына қосымша: 1. Жағалау бекіністерінің, қоршаулардың, көп жіпті құбыр учаскелерінің іргетастарының жай- күйін деформациялардың, орын ауыстырулардың, салулардың, учаскелердің жалаңаштануының болуына тексеру және бағалауды орындау 2. Топырақ коррозиясынан және адаспа токтан электр қорғау құрылғысы бар көп желілі құбырының өзеннен күрделі ауамен өтетін өтпелері бар бір желілі учаскесінің, су жинағыштарды, құдықтарды, жаппа арматурасын, байланыс, дабылдату желісін және сондағы өзге де құрылғыларды аралап қарау және қызмет көрсету
		Білімдер:
		3-разряд: 1. Магистральдық құбырларды техникалық пайдалану қағидалары мен тәртібі 2. Бөлінген белдеуді және күзет аймағын қадағалау қағидалары 3. Магистральдық құбырдың бекітілген учаскесінің технологиялық схемасы 4. Өз учаскесіндегі крандар мен ысырмалардың конструкциясы және оларға қызмет көрсету 5. Ішкі еңбек тәртібінің тәртібі, ережелері еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптары 4-разряд: 3-разряд білімдеріне қосымша: 1. Бір желілік немесе көпжіпті құбыр трассасының бекітілген учаскесі және ондағы құрылыстардың орналасуы 2. Телемеханиканың бақылау пункттерінің және электрхимиялық қорғау объектілерінің құрылысы 3. Топырақ пен топырақтың құрылымы мен құрамы, топырақты шайылудан қорғау тәсілдері, жылжымалы топырақты бекіту, трасса бойындағы судың ағуын болдырмау, құбырдың қорғау аймағында жыралар мен шұңқырлардың өсуі 4. Аумақтарды санитарлық күтіп- ұстауға қойылатын талаптар
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды

	Дағды 2: Құбыр трассасындағы қосалқы жұмыстар	Машықтар: 3-разряд: 1. Белгілерді, жазуларды, плакаттарды, тақтайшаларды, бұғаттау және сигнал беретін құрылғыларды орнату 2. Құбырлардың желілік бөлігінде конструктивтік элементтердің лак- бояу жұмыстарын орындау 3. Ағаш-бұта өсімдіктерінен, бөгде заттардан тазарту үшін желілік бекіту арматурасының учаскелерін анықтау, шөпті шабу 4. Жұмыстар орындалғаннан кейін аумақ пен үй-жайларды ретке келтіру 5. Берілген жолақта шурф қазу, талдарды қырқу және шөпті шабу, жаға бекімелерін, бұта торларын, тас үйіндерді түзету 6. Өзіне бекітілген көлікке қызмет көрсету және оның сақталуына жауаптылық 4-разряд: 3-разряд машықтарына қосымша: 1. Өрме клеткаларын, тас сызбаларын, одерновкаларды және т. б. жасай отырып, жыраларды, жағалауларды нығайту бойынша жұмыстарды орындау. 2. Құбырдың күзет аймағында бөгде заттарды жою, өскіндерді, бұталар мен ағаштарды кесу жөніндегі жұмыстарды орындау 3. Кран алаңдарының қоршауларын, құбыр ішілік құрылғыларды іске қосу және қабылдау алаңдарын, үрлеу және сору шамдарының тірек тумбаларын, құдықтарды, километрлік бағаналар айналасындағы көпірлерді, іргетастарды, бекітпе тіректерін жөндеуді орындау 4. Су өткізу құрылыстарын жөндеуді орындау 5. Құбырлардың авариялық қорының стеллаждарын қалпына келтіру бойынша жұмыстарды орындау 6. Трассадағы құрылғыларға, оның ішінде құдықтар мен блок-пост ғимараттарына ағымдық жөндеу жүргізу

		Білімдер:
		3-разряд: 1. Қорғау аймақтарына нормативтік- техникалық құжаттаманың талаптары 2. Байланыс және сигнал беру құралдарын пайдалану тәртібі 3. Қаріптер нысанына және құбырлардың трассаларын, бөгде ұйымдардың коммуникацияларымен қиылысуларды, табиғи және жасанды кедергілерді, репер белгілерін, ескерту жазбаларын, плакаттарды, тақтайшаларды, блоктау және сигнал беру құрылғыларын белгілеу белгілерінің түстік рұқсатына қойылатын талаптар 4. Құбыр жолдары трассасын белгілеу белгілерін, бөгде ұйымдардың коммуникацияларымен қиылысуларды, табиғи және жасанды кедергілерді, қоршауларды, ескерту белгілерін, плакаттарды, жазуларды орнату орындары 5. Жазуларды, оның ішінде трафареттерді пайдалана отырып бояу және жағу ережесі 6. Тазалауға арналған ерітінділердің құрамы және бояу кезінде қолданылатын құралдарды, жаққыштарды жуу және тазалау тәсілдері 7. Слесарлық іс негіздері 8. Магистральдық құбыр объектілерін жоспарлы тексерулердің құрамы, тәртібі және орындалу мерзімділігі 4-разряд: 3-разряд білімдеріне қосымша: 1. Жағалық бекіністерді, өрме клеткаларын, тас сызбаларын, одерновкаларды және т. б. құру тәсілдері. 2. Жер жұмыстарын орындау тәртібі 3. Құбыр трассасын ағаш-бұта өсімдіктерінен тазарту тәсілдері 4. Уақытша құрылыстарды, стеллаждарды орналастыру тәсілдері 5. Өзендер мен құдықтардың көп жіпті өткелдерінде ауыстырып қосу схемасы 6. Слесарлық іс
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Құбыр объектілерін ұстау	Дағды 1: Мұнай және мұнай өнімдері құбырлары объектілерінің техникалық жай-күйін техникалық жарамды күйде қарау, бақылау жүргізу және қолдау	Машықтар:
		3-разряд: 1. Құдықтарды тексеру 2. Құбырлардың магистральдық бөлігінің әуе өткелдерін қарау 3. Құбыр және сақтандырғыш арматураны тексеру 4-разряд: 3-разряд машықтарына қосымша: 1. Құбырдың және трассаның, жабдық жұмысының жай-күйінің нормалары мен ережелерінен ауытқуларды анықтау 2. Құбырлардың, материалдар мен құралдардың авариялық қорының жағдайын бағалау 3. Бөгде ұйымдардың көп жіпті құбыр учаскесінің күзет аймағында жұмыс жүргізуді бағалауы 4. Сыртқы белгілері бойынша мұнай мен мұнай өнімдерінің ағып кету орындарын анықтау

		Білімдер:
		3-разряд: 1. Бақылау-өлшеу аспаптарының құрылысы мен мақсаты 2. Өз учаскесіндегі крандар мен ысырмалардың конструкциясы және оларға қызмет көрсету 3. Магистральдық құбырлар мен оның құрылыстарының мақсаты 4. Мұнай, мұнай өнімдері мен газдың физикалық және химиялық қасиеттері 5. Бекіту арматурасын ашу және жабу және оның герметикалығын тексеру кезіндегі операциялардың кезектілігі 6. Құбыр арматурасының түрлері, мақсаты, құрылысы, пайдалану ережелері, техникалық, конструктивтік ерекшеліктері мен сипаттамалары 7. Құбырлар учаскелерінің конструктивтік және технологиялық сипаттамалары 8. Магистральдық құбыр объектілерін жоспарлы тексерулердің құрамы, тәртібі және орындалу мерзімділігі 4-разряд: 3-разряд білімдеріне қосымша: 1. Құбыр арматурасының, құбырдың желілік бөлігінің жабдықтарының түрлері, мақсаты, құрылысы, пайдалану, техникалық қызмет көрсету және жөндеу ережесі, техникалық, конструктивтік ерекшеліктері мен сипаттамалары 2. Қорғау аймақтарына нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптары 3. Құбыр арматурасының герметикалығының белгілері 4. Күзет аймағында ақаулар, ауытқулар, бұзушылықтар, шайылулар, зақымданулар анықталған жағдайдағы іс-қимыл тәртібі
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	Дағды 2: Аспаптардың көрсеткіштерін есепке алу	Машықтар:
		3,4 разрядтар: 1. Аспаптардың көрсеткіштерін алу 2. Тиісті журналдарда жазба жүргізу, деректерді беру, ауысымды қабылдау-тапсыру бойынша жұмыстарды орындау 3. Өз құзыреті шегінде есепке алу құралдарын пайдалану 4. Байланыс және сигнал беру құралдарын пайдалану
		Білімдер:
		3,4 разрядтар: 1. Магистральдық мұнай құбырында орнатылған аспаптардың сипаттамалары 2. Құжаттарды ресімдеу, ауысымды қабылдау-тапсыру тәртібі 3. Байланыс құралдарын пайдалану ережесі 4. Өндірістік сигнал берудің жұмыс принципі
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Жауапкершілік Зейінділік Орындаушылық	

Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	1. ҚР СТ 3362-2019 «Магистральдық мұнай құбырлары. Техникалық пайдалану»; 2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 354 бұйрығымен бекітілген магистральдық құбырларды пайдалану кезінде өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидалары; 3. ҚР СТ 2079-2010 «Магистральдық мұнай құбырлары. Газ қауіпті жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру»; 4. ҚР СТ 2080-2022 «Магистральдық мұнай құбырлары. Өрт қауіпсіздігі»; 5. ҚР СТ 2081-2011 «Магистральдық мұнай құбырлары. Пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптары».		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	3	Желілік құбыр жүргізуші	
12. Кәсіптің карточкасы «Жерасты газ құбырларын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь»:			
Топтың коды:	7126-9		
Қызмет атауының коды:	7126-9-021		
Кәсіптің атауы:	Жерасты газ құбырларын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	3		
СБШ бойынша біліктілік ішкі деңгейі:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	63-шығарылым. «Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (63 -шығарылым) бекіту туралы» 2020 жылғы 10 қарашадағы № 441 Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 13 қарашада № 21626 болып тіркелді. §15-17 Жер асты газ құбырларын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь, 3-5 разряд		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: ТжКБ (жұмысшы кәсіптер)	Мамандық: Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану	Біліктілік: Газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесарі
	Білім деңгейі: негізгі орта білім	Мамандық: -	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:	Газ шаруашылығында кемінде 1 жыл жұмыс өтілі		
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Қажет емес		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Жерасты газ құбырлары мен олардағы құрылыстарға техникалық қызмет көрсету және пайдалану		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Газ құбырлары мен олардағы құрылыстардың жай-күйін тексеру 2. Жерасты газ құбырларына және олардағы құрылыстарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Газ құбырлары мен олардағы құрылыстардың жай-күйін тексеру			

	Дағды 1: Газ құбырлары мен олардағы құрылыстарды тексеру	Машықтар:
		Барлық разрядтар үшін: 1. Атқарушы түсірілімдерді, газ құбырларын тексеріп шығудың технологиялық сызбалары мен маршруттық карталарын, жерасты газ құбырларының тану белгілері мен байламдарын оқу 2. Газ құбырларының қызмет көрсетілетін учаскесін ресімдеу мен күтіп-ұстауда нормативтік талаптарға сәйкессіздіктерді анықтау 3. Жерасты құбырының жер бетіне шығуы мүмкін жерлердегі жер жамылғысының жай-күйін бағалау 4. Жоғары қысымды құбыр және сақтандырғыш арматураның, крандарды басқару жүйесінің командалық аспаптар клапандарының техникалық жағдайын анықтау 5. Құдықтардың, кран және алау алаңдарының, авариялық қор алаңдарының жай-күйін бағалау 6. Жақын маңдағы ғимараттардың құдықтарында, бақылау құбырларында, жертөлелерінде газды ауа ортасының сынамаларын алу 7. Жеке қорғаныс құралдарын қолдану 8. Газ құбырларын тексеру нәтижелерінің жазбаларын жүргізу 9. Танымдық белгілері мен қабырға нұсқағыштарды орнату
		Білімдер:
		Барлық разрядтар үшін: 1. Газ құбырларын ресімдеуге және күтіп-ұстауға нормативтік құқықтық актілердің, техникалық құжаттаманың және өкімдік құжаттардың талаптары 2. Жоспарлы тексерулердің құрамы, тәртібі және орындалу мерзімділігі 3. Тасымалданатын өнімнің физикалық және химиялық қасиеттері 4. Күзет аймағында және ең аз қашықтық аймағында газдың шығып кетулері, ақаулар, бұзушылықтар, шайылып кетулер, құбырлар трассасында зақымданулар анықталған жағдайдағы іс-қимыл тәртібі 5. Қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қағидалар мен нормалар 6. Өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік талаптары 7. Жеке қорғану құралдарын пайдалану қағидалары 8. Ішкі еңбек тәртібі 9. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету негіздері
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
	Дағды 2: Жерасты газ құбырлары мен олардағы құрылыстардың жай-күйін бақылау	Машықтар:
		Барлық разрядтар үшін: 1. Газ құбырларындағы газдың шығып кетуін анықтау 2. Құбыржолдары мен құбыр арматурасында орнатылған аспаптардың көрсеткіштерін алу 3. Газ талдағыштарын, ағыс іздегіштерді, трасса іздегіштерді, өзге де аспаптар мен өлшеу құралдарын қолдану 4. Байланыс және сигнал беру құралдарын пайдалану

		Білімдер:
		Барлық разрядтар үшін білуі тиіс: 1. Құбыр желісінің нормативтік тереңдікте төселуін; 2. Құбыр желісіндегі рұқсат етілген жұмыс қысымын; 3. Құбыр өткізгіштер мен құбыр арматураларына орнатылған бақылау-өлшеу аспаптарының мақсаты мен техникалық сипаттамаларын; 4. Байланыс және дабыл беру құралдарын пайдалану тәртібін; 5. Газ құбырларындағы газдың ағып кетуін анықтау қағидаларын; 6. Газоанализаторлардың, ағып кету мен трассаларды анықтауға арналған құралдардың, сондай-ақ басқа да өлшеу және бақылау аспаптарының құрылымы мен оларды пайдалану ережелерін.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Еңбек функциясы 2: Жерасты газ құбырларына және олардағы құрылыстарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу	Дағды 1: Диаметрі 500 мм жоғары орта және жоғары қысымды қолданыстағы газ құбырларын ойып жалғау және қайта қосу кезінде слесарлық жұмыстарды орындау	Машықтар:
		5 разряд 4-разрядтағы дағдыларға қосымша: 1. Газ құбырларында тығыздағыш, күшейткіш, жапсырма муфталар мен бандаждарды орнату 2. Жер асты газ құбырларын оқшаулау 3. Трассаларда газ құбырларының ірі фасонды бөліктері мен бөлшектерін таңбалау, дайындау және монтаждау 4. Газ құбырлары мен кесінділердің жекелеген күрделі тораптарының эскиздерін жасау 5. Оқшаулау жай-күйін айқындау және жерасты газ құбырларының герметикалығын электрондық құрал-саймандардың тексеру 6. Газдың шығып кетуін оқшалау 7. Газ құбырларының тығыздығын сынау, үрлеу және булау 8. Төмен қысымдағы конденсат жинағыштардың, түтіктер мен өткізгіштердің су өткізетін түтіктерін ұзартуда ерекше күрделі слесарьлық жұмыстарды орындау 9. Орташа және жоғары қысымдағы конденсат жинағыштарды бөлшектеу, ауыстыру және монтаждау 10. Біліктілігі төмен слесарьлар жұмысын басқару

	Білімдер:
	5 разряд 4-разрядтағы білімдерге қосымша: 1. Диаметрі 500 миллиметрден жоғары істеп тұрған орта және жоғары қысымды газ құбырларды ойып жалғау, оқшаулау және қайта қосу тәсілдері мен қағидалары 2. Газ құбырларын үрлеу қағидалары мен тәсілдері, газ құбырларын сынау және булау, газ құбырларының герметикалығын бақылаудың электрондық аспаптарының құрылымы мен жұмысы, конденсат жинағыштарды, ысырмаларды, өздігінен жанатын крандарды, 500 мм асатын диаметрлі компенсаторларды монтаждау және бөлшектеу тәртібі, қысымды төмендетпей газ құбырларына ойып жалғауға арналған айлабұйымдардың құрылымы және осындай газ құбырларын жөндеу қағидалары 3. Күрделі және ірі фасонды бөлшектер мен бөлшектерді дәнекерлеуге белгілеуге, өңдеуге және құрастыруға арналған техникалық шарттар 4. Газ құбырлары мен олардағы құрылыстарды монтаждауға, сынауға және пайдалануға тапсыруға арналған техникалық шарттар 5. Жерасты газ құбырларында орнатылған ерекше күрделі жабдықтардың конструктивтік ерекшеліктері мен оны жөндеу қағидалары 6. Газ құбырларының күрделі тораптары мен қиылыстарының эскиздерін жасау қағидалары 7. Қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қағидалар мен нормалар 8. Өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік талаптары 9. Жеке қорғану құралдарын пайдалану қағидалары 10. Ішкі еңбек тәртібі 11. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету негіздері
Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды

	Дағды 2: 200 мм дейінгі төмен қысымдағы істеп тұрған газ құбырларын жөндеу кезінде слесарлық жұмыстарды орындау	Машықтар:
		3 Разряд 2-разрядтағы дағдыларға қосымша: 1. Газ құбырлары трассаларына және олардағы құрылыстарға қызмет көрсету 2. 200 миллиметрге дейінгі төмен қысымдағы істеп тұрған газ құбырларын жөндеу кезінде слесарьлық жұмыстарды орындау 3. Төмен қысымды конденсат жинағыштардан конденсатты алып тастау 4. Газ құдықтарының, конденсат жинағыштардың және арматуралардың жарамдылығын тексеру 5. Төмен қысымды газ құбырларында линзалы компенсаторлар мен ысырмалардың қысымымен монтаждау және бөлшектеу жүргізу 6. Төмен қысымды газ құбырларында арматурада аздаған шығып кетулерді жою 7. Газ құбырларынан газ ауа қоспасын шығару, көсеу және газ құбырларын тазалау 8. Жерасты газ құбырларында оқшаулауды қалпына келтіру 9. Бақылап тексеру үшін үй- жайлар мен құдықтарда газ-ауа қоспасының сынамаларын алу 10. Газ құдықтарын жөндеу 11. Газ құбырлары мен олардағы құрылыстарға профилактикалық және ағымдағы жөндеу жүргізу 12. Газ құбырларының тереңдігіне ұңғыма бұрғылау 13. Оқшаулау және газ құбырының жағдайын бағалау 14. Газ құбырларындағы газ қысымын өлшеу
		Білімдер:
		3 Разряд 2-разрядтағы білімдерге қосымша: 1.Газ құбырлары мен құрылыстарында жұмыс жүргізу қағидалары 2. Жерасты газ құбырларының мақсаты мен арматура құрылымы 3. Газ құбырлары құрылыстарындағы ақаулықтарды анықтау және жою тәсілдері 4. Қысым реттегіштерінің, манометрлердің, сақтандыру клапандарының және бекіту арматурасының құрылғысы 5. Конденсат жинағыштардан конденсатты жою тәсілдері мен қағидалары 6.Бақылау тексеру үшін орынжайлар мен құдықтарда газ ауа қоспасынан сынама алу тәсілдері 7. Төмен қысымды жұмыс істеп тұрған газ құбырларында ойып жалғау және ауыстырып қосу түрлері және газ құбырлары тораптарының тығыздығын тексеру тәсілдері 8. Коррозияға қарсы оқшаулаудың түрлері, оны газ құбырларына салу тәртібі және пайдалануға қабылдау қағидалары 9. Шурф жұмыстарының жүргізу қағидалары 10. Газ құбырларындағы бітеулерді анықтау және жою тәсілдері 11. Тығындарды жоюға арналған еріткіштердің қасиеттері, оларды қолдану, сақтау тәртібі 12. Қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі қағидалар мен нормалар 13. Өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік талаптары 14. Жеке қорғану құралдарын пайдалану қағидалары 15. Ішкі еңбек тәртібі 16. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету негіздері

Дағдыны тану мүмкіндігі:	Ұсынылмайды
Дағды 3: Диаметрі 500 мм дейінгі орташа және жоғары қысымдағы жұмыс істеп тұрған газ құбырларында ойып жалғау, ауыстыру және жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде слесарлық жұмыстарды орындау	Машықтар: 4 Разряд 3-разрядтағы дағдыларға қосымша: 1. Жоғары және орташа қысымды газ құбырларының трассаларында конденсат жинағыштарды қарау, тексеру және орнату, олардан конденсатты шығару 2. Конденсат жинағыштардың тіректеріндегі анықталған ақаулықтарды жою 3. Газ құбырларын тексеріп шығудың графигін және маршруттық карталарын құру 4. Газ құбырларын тығыздыққа, үрлеуге және буландыруға сынау 5. Жерасты газ құбырларын жөндеу кезінде күрделі слесарлық жұмыстарды орындау, газдың кемуін және бітеулерді жою 6. Линзалы компенсаторларды, конденсат жинағыштарды, гидроқақпақтар мен ысырмаларды газдың орташа және жоғары қысымымен монтаждауды және демонтаждауды жүзеге асыру 7. Жер асты газ құбырларының орналасқан жерін анықтау, оларды оқшаулаудың жай-күйін электрондық аспаптармен тексеру 8. Ашылған учаскені оқшаулай отырып, газ құбырының трассасы бойынша шурфтау 9. Құбырларды дәнекерлеуге дайындау және ортасын дәлдеу 10. Жоғары қысымды газ құбырларында крандарды майлау 11. Газ құбырлары трассаларының жанындағы бөгде ұйымдардың жұмысын өндіруде газ құбырларының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау

		Білімдер:
